

Қазақстан мен Өзбекстан шекарасында орналасқан сутоған. Теңіз ХХ ғасырда ауданы жағынан (68 мың км²) әлемде төртінші орында болған болатын, бірақ 1960 жылдардан бастап теңіздің суы азайып келеді.



Арал теңізі, Кайнозой дәуірінің орта шетінде, яғни бұдан 21 млн. 1200 жыл бұрын Каспий теңізіне қосылып жатқан.



Бұған теңіздің терістік бетіндегі қазіргі Сарышығанақ, Ақеспе тұсынан 80 метр тереңдіктен Олигоцен уақытында өмір сүрген қызыл балықтың, ірі ұлудың, киттің омыртқа сүйектерінің тасқа айнала бастаған күйінде табылуы дәлел болмақ.

Арал теңізі – жас Тұран тақтасының үстінде орналасқан тұйық көл.

Ауданы: 66 мың км²

Қазіргі Аралдың жасы 8-10 мың жыл шамасында.


Ұзындығы 428 км, ені 235 км.

Суының көлемі жағынан Қазақстанда, тіпті бүкіл ТМД елдерінде 2-ші, ал Дүниежүзі бойынша 4-ші орынға ие көл.

Геологиялық тарихына қарағанда, Каспий теңізінен едәуір жас.

**Арал теңізінің тұздылығы
табиғи жағдайда 9-11‰
болатын. Соңғы 40 жылда
суармалы жер ұлғайды,
Шардара, Арнасай, Сарықамыс
бөгендері пайда болды. Соған
байланысты теңіздің
тұздылығы 35 ‰-ге жетті.**

**Теңіз суының түсі қара көк,
мөлдірлігі 25 м. Теңіз суы тұнық.
Бұндағы органикалық дүние Каспий
теңізіне қарағанда әлдеқайда кедей.
Теңізде балықтың 20-дай түрі бар.
Кәсіпшілік жөнінен құндылары:
бекіре, сазан, қаяз, шабақ, ақмарқа
ауланады. Жерсіндірілген
балықтардан каспий шоқыры мен
балтық салакаласын атауға
болады.**

A hand is shown from the bottom right, holding a teal oval. The background is a blurred image of blue water with many small, light-colored fish swimming. The text inside the oval is in white, uppercase letters.

АРАЛ ТЕҢІЗІНІҢ
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
АХУАЛЫ


Арал теңізі – Қазақстанның інжумаржаны, шөл белде-міндегі бірден-бір көгілдір су айдыны еді. Оның апатқа ұшырағанға дейінгі көлемі – 1066 км³, тереңдігі – 30-60 метр, тұздылығы – 10-12% болған. Қойнауы кәсіптік бағалы балықтарға бай, жағасы қоға мен қамысты теңіз еді. Сол кездерде жылына 50-150 мың балық ауланса, теңіз жағасынан едәуір мөлшерде бұлғын терісі игерілген. Арал өңірінің тұрғындары 1970 жылдарға дейін әлеуметтік-экономикалық тұрғыда жақсы қамтамасыз етілген тіршілік кешті. Теңіз өңіріндегі елді мекендерде 17 балық колхозы, 10 балық өңдейтін зауыт және 2 балық комбинаты тұрақты жұмыс істеген.





1960 жылдардан бастап Арал өңірін игеру қолға алынды. Осы аймақтағы игерілетін жер көлемі бұрынғыдай Өзбекстан мен Тәжікстанда 1,5, Түрікменстанда 2,4, Қазақстанда 1,7 есеге өсті. Ал Әмудария мен Сырдария бойындағы Халықтың саны 1960-1987 жылдар аралығында 2,2 есеге артты. Халық санының өсуіне орай суға деген қажеттілік те артты. Осыған орай, 1970-1980 жылдар аралығында Аралға құйылатын су мөлшері азайды. Оның негізгі себептері антропогендік факторлар еді. Екі өзен бойындағы суды мол қажет ететін күріш пен мақта өсіру ісі қарқындап дамыды (Шардара).

Арал теңізінің



тартылуы

Арал теңізінің тартылуы





**Арал апатына
себеп болған
факторлар:**



Тартылуының салдарынан болған жағдайлар



Photo from Jipek-Joli Hotel
© OrexCA.com



ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРДІҢ ТАРИХИ-ТАБИҒИ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЕСКЕРМЕУ;

СУДЫ ӨТЕ КӨП ҚАЖЕТ ЕТЕТІН КҮРІШ, МАҚТА
ДАҚЫЛДАРЫН БАРЫНША КӨБЕЙТІП ЖІБЕРУ;

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДҰРЫС
ЖОСПАРЛАМАУ, СУДЫҢ ҚОРЫН
ЕСЕПКЕ АЛМАУ;

ЖЕРДІ ИГЕРУДІҢ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ
ШАРАЛАРЫН САҚТАМАУ ЖӘНЕ
СУДЫ ҮНЕМДІ ПАЙДАЛАНБАУ;

ТАБИҒАТ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУҒА
ЖІБЕРІЛГЕН ҚАТЕЛІКТЕР МЕН ОНЫ
МЕҢГЕРУДІҢ ҒЫЛЫМИ ТҰРҒЫДАН
НЕГІЗДЕЛМЕУІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.



АРАЛ ТЕҢІЗІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ
ЖӨНІНДЕГІ
КЕЛІСІМ



Ол «Арал теңізі және Арал аймағы мәселелерін, экологиялық сауықтыруды, аймақтың әлеуметтік – экономикалық дамуын қамтамасыз етуді бірлесіп шешетін ортақ шаралар туралы Келісім» деп аталды

Арал теңізі мәселелері жөніндегі келісім – Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ұсынысымен Орталық Азия елбасыларының 1993 жылдың қаңтарында Ташкент қаласында қабылдаған шешімі бойынша 1993 жылғы 26 наурызда Қызылорда қаласында өткен Арал теңізі мәселелері жөніндегі 1-конференцияда жасалған келісім.



Арал теңізін апаттан сақтау үшін көптеген жобалардың ұсынылғаны белгілі. Алайда олардың көпшілігі теңізді толтыруды емес, оны тек бүгінгі деңгейде ұстап қалуды көздейді. Ол ұсыныстар мынандай болатын:

1. Сыр және Амудария өзендерінің суларын тиімді пайдалану;
2. Оңтүстіктен солтүстікке карай Возрождение аралын пайдаланып дамба салу. Кіші Аралдан тұз өндіріледі, ал Үлкен Арал Сыр және Амудария есебінен сақталады;
3. Жел тұрғанда аспаннан тұз жаумас үшін жағалауларға сексеуіл т.б. жасыл желек ағаштарды отырғызу;
4. Арал аймағын Иран еліндегідей жер асты суларымен камтамасыз ету;
5. Сібір өзендерінің бір бөлігін Аралға бұру.

Бұл шаралардың теңізді бұрынғы қалпына келтіре алмайтыны анық. Әрине Сібір өзендерінің бір бөлігін Аралға тартуға болар еді, бірақ ол біріншіден қымбатқа түседі, екіншіден Ресей оған келісе қоймайды.

АҚШ, Жапония, Канада ғалымдарының Арал теңізінің суын бұрынғы деңгейіне жеткізу үшін 200 миллиард доллар қажет дейтін көрінеді.

Аралды бұрынғы қалпына келтіру үшін іргелі зерттеу жолымен Каспий-Арал каналының ғылыми-техникалық дәлелдемесі жасалынады. Сол жоба бойынша Арал апатын шешу үшін 300 млн доллар жеткілікті екеніне көз жеткізген.

Назарларыңызға
рахмет!!!

